

**ШЖҚ жанындағы «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасы» МКК
Ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін жою хаттамасы**

№ 3

Қарабұлақ ауылы

«15» тамыз 2024ж.

Төраға: Умбетов Аскар Фазиллаевич – басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары м.а.

Хатшы: Ағыбай Толқынай Ақтайқызы – мамандар бөлімінің басшысы

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың алдын алу мен жою.

Қатысқандар: «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасының қызметкерлері

Жиналыс төрағасы А.Умбетов жиналысты ашып 20.06.2024 жылғы «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың қорытындысына сәйкес, анықталған кемшіліктер: алдын ала міндетті медициналық тексеруден өткені және жұмысқа, оқуға жіберілгені туралы анықтаманы (075/у нысан) негізсіз беру ықтималы, мекеме бұйрықтарында ҚР Еңбек Кодексінің заңнама талаптары сақталмауы, мекеме бұйрықтарында негіздемелер дұрыс көрсетілмеген, мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған, кәсіпорынның шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілдері.

Аталған мәселелерге жеке тоқталып өте кетер болсақ, алдын ала міндетті медициналық тексеруден өткені және жұмысқа, оқуға жіберілгені туралы анықтама (075/у нысан) КМАЖ базасынан тек электронды түрде берілуін қамтамасыз ету, қағаз түрде берілуін болдырмау.

Сондай-ақ, аурухананың бұйрықтарын жазған кезде негіздемелерді нақтылап жазу қажет. Қызметтік хаттарда көрсетілген негіздемелердің толықтығына көңіл аударып, жетіспейтін мәліметтерді сұратып толықтыру жұмыстарын жүргізу қажет. Аурухананың барлық қызметкерлері өздеріне қатысты шығарылған бұйрықтармен дер кезінде танысып, оны растау үшін қолдарын қойғызу жұмыстары қадағалануы керек.

Бас есепші м.а. А.Усенбекова Мемлекеттік сатып алу порталында шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілдерін төмендегінше түсіндірді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы" филиалымен «Санитарлық қызметтер (дезинфекция, дезинсекция, дератизация және т.б.)» қызметтер көрсету бойынша 09.02.2024 жылы жасалған №37 келісім шарты Мемлекеттік сатып алу заңының 39-бап 3-тармақ 36-тармақшасына сәйкес, яғни Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған **тұлғадан** тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға **рұсат етілген тізімдегі тұлғамен** (Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 474-тармағында көзделген негіздер бойынша бір көзден алу тәсілімен тікелей жасасу арқылы мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасуға құқығы бар өнім берушілердің тізбесіне сәйкес) «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен» жүзеге асырылған.
2. Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ. Мемлекеттік сатып алу заңының **39 бабы 3 тармағы 50** тармақшасына сәйкес: «егер мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішіндегі қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жүзеге асырылатын жағдайда, мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілікті осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса, жүзеге асырылады» - деп көрсетілген, осыған орай Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсанындағы №677 бұйрығымен бекітілген «Конкурс не аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктегі тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі көрсетілген. «БЕРДІКЕЙ» ЖШС-мен жасалған 15.01.2024 жылғы №5 келісім шарты жоғарыда көрсетілген негіздерге сәйкес: Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілікті талап ететін «Азық-түлік» өнім болуына байланысты құрылды. "Қазақтелеком" акционерлік қоғаммен жасалған 08.01.2024 жылғы №4 келісім шарты жоғарыда көрсетілген негіздерге сәйкес: Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілікті талап ететін: «Байланыс қызметтері (оның ішінде Интернет, спутниктік, телефон, фелдъегерлік, почта байланысы).» болуына байланысты құрылды.

Medica Trade Service-пен жасалған 24.01.2024 жылғы №13 келісім шарты жоғарыда көрсетілген негіздерге сәйкес: Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілікті талап ететін сервистік қызмет болуына байланысты құрылды.


Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, болашақта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыс фактілерін жасауға жол бермеу басты назарда болуы туралы айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылап, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктердің алдағы уақытта қайталанбау мақсатындағы шаралар қабылдансын.
2. Мекеме бұйрықтарының негіздемелері толық болуын қадағалау, мекеме бұйрықтарымен қызметкерлерді толық таныстыру жұмыстарын жүргізуді қадағалау, мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында жұмыс орнында сабақтар өткізу мамандар бөлімінің басшысы Т.Ағыбайға жүктелсін.
3. Мемлекеттік сатып алу порталынан сатып алу жүйесін Қазақстан Республикасының Заңдарында көрсетілген жолмен ісасыруын бақылау бас есепші м.а. А.усенбековаға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы жиналысты қорытындылады.

Төраға:



А.Умбетов

Хатшы:

Т.Ағыбай